

## Қазақстан Республикасының телекоммуникациялар саласын дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2003 жылғы 18 ақпан N 168

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының телекоммуникациялар саласын дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасы бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер министрі*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3                      ж ы л ғ ы                      1 8                      а қ п а н д а ғ ы

N                      1 6 8                      қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

### Қазақстан Республикасының телекоммуникациялар саласын дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасы

#### 1. Бағдарлама паспорты

Бағдарламаның атауы                      Қазақстан Республикасының телекоммуникациялар саласын дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасы

Әзірлеу үшін негіздеме                      Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының телекоммуникациялар саласын дамытудың 2001-2005 жылдар кезеңіне арналған тұжырымдамасы туралы" 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 1564 және "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" 2002 жылғы 24 сәуірдегі N 470 қаулылары

Негізгі әзірлеуші                      Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі

Іске асыру мерзімі                      2003-2005 жылдар

Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері                      Телекоммуникациялар саласын дамыту бағдарламасының негізгі мақсаты Қазақстан экономикасының ғаламдық ақпараттық

**инфрақұрылымға бәсекелі біріктірілген телекоммуникациялық секторын әрі қарай дамытуға бағытталған тетіктерді қалыптастыру мен жағдайлар жасау болып табылады.**

Бағдарламаның көрсетілген мақсатына сәйкес мынадай міндеттерді шешу көзделген:

**Әлеуметтік-саяси міндеттер:**

жеке және заңды тұлғалардың жер-жерде телекоммуникациялардың қызмет көрсетулеріне әмбебап қол жеткізулерін қамтамасыз ету;  
халықтың және дамып отырған экономиканың, сондай-ақ мемлекеттік органдардың, оның ішінде қауіпсіздікті, қорғанысты және құқық тәртібін қамтамасыз ететін органдардың телекоммуникациялардың түрлі қызмет көрсетулеріне өсіп отырған қажеттілігін қанағаттандыру;  
тұтынушылардың ақпараттық технологиялардың соңғы жетістіктері мен ғаламдық ақпараттық ресурстарға қол жеткізу үшін жағдайлар жасау;  
ұлттық ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз

ету;

**Техникалық-технологиялық міндеттер:**

бірыңғай ұйымдастырушылық және техникалық идеология негізінде жұмыс істейтін, жоғары сапалы ішкі және халықаралық ақпараттық алмасуды, телекоммуникациялық қызмет көрсетулердің барлық түрлерін дамыту үшін қуатты базаны қамтамасыз ететін, осы заманғы ұлттық телекоммуникациялық инфрақұрылымды жедел дамыту;  
стандарттаудың және сертификаттаудың әлемдік деңгейге сәйкес келетін салалық жүйесін дамыту;  
ұлттық ресурстарды: радиожиилікті ресурстарды және нөмірлеу ресурстарын орталықтандырылған

басқаруы қамтамасыз ету;

**Экономикалық міндеттер:**

телекоммуникациялық инфрақұрылымды пайдалану тиімділігін және саланың инвестициялық тартымдылығын арттыру;  
Қазақстанның транзиттік әлеуетінің

мүмкіндіктерін барынша іске асыру;  
телекоммуникациялық қызмет көрсету рыногын  
дамытуға бағытталған мемлекеттік реттеу және  
бақылау тетіктерін жетілдіру және  
телекоммуникациялар рыногының барлық  
субъектілерінің орнықты және серпінді дамуы,  
байланыс операторларының тиімді жұмысы үшін  
жағдайлар жасау;

байланыс қызметтерін көрсету рыногында адал  
бәсекелестік ортаны дамыту және барлық байланыс  
операторлары үшін тең құқықты қамтамасыз ету.

Бағдарламаның  
негізгі  
іс-шаралары

Телекоммуникациялар саласындағы субъектілердің  
өзара қарым-қатынасын барабар реттейтін нормативтік  
құқықтық базаны құру - "Байланыс туралы" Қазақстан  
Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар  
енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының  
жобасын, мемлекеттік органдардың басқа да  
нормативтік кесімдерін әзірлеу,  
телекоммуникациялар саласында жаңа нормативтік  
құқықтық кесімдерді әзірлеу.

Саланы мемлекеттік реттеуді жетілдіру.  
Радио қол жеткізу жүйелерін қоса алғанда, осы  
заманғы цифрлық жабдықтар базасында  
телекоммуникациялардың жергілікті желілерін  
жаңғырту және дамыту, желіні және оны пайдалануды  
оңтандыру.

Әмбебап қол жеткізуді қамтамасыз ету тетігін  
құру (телекоммуникациялардың көпшілік қол  
жеткізетін қызмет көрсетулерінің өлшемдері мен  
көлемін айқындау, елді мекендердің әмбебап қол  
жеткізуін қамтамасыз ету бағдарламасын әзірлеу  
және іске асыру).

Телекоммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға  
белсенді инвестицияларды ынталандыратын жағдайлар  
жасау.

Телекоммуникациялар саласындағы тарифтік  
реттеу тетіктерін жетілдіру.  
Бәсекелестікті дамытудың жоспарланған және  
кейінгі кезеңдердегі қажетті шарты ретінде

телекоммуникациялар рыногын кезең-кезеңімен  
ы р ы қ т а н д ы р у .

Халықаралық талаптарға сәйкес келетін 2001-2005  
жылдарға арналған "Сапа" республикалық  
бағдарламасы шеңберінде телекоммуникациялар  
ұйымдарында сапа жүйелерін әзірлеу және енгізу.

Қаржыландыру  
көздері

2003-2005 жылдары қаржыландыруға республикалық  
бюджеттен 5844,3 млн. теңге жіберу жоспарланып  
отыр, оның ішінде 2003 жылы - 40,4 млн.теңге, 2004  
жылы - 5792,9 млн. теңге, 2005 жылы - 11 млн.  
теңге. Бұл ретте жыл сайынғы көлемі тиісті қаржы  
жылына арналған республикалық бюджетті  
қалыптастыру кезінде нақтыланады.

Күтілетін  
соңғы нәтиже

Мемлекеттік басқару органдарының, заңды  
тұлғалардың және халықтың бірыңғай техникалық және  
ұйымдастырушылық идеология негізінде жұмыс  
істейтін және дамитын осы заманғы  
телекоммуникациялар желісі - телекоммуникациялық  
қызмет көрсетулерінің барлық түрлерін алудағы  
қажеттілігін толық қамтамасыз ететін Қазақстан  
Республикасының ақпараттық кеңістігінің  
инфрақұрылымдық бөлігін құру.

Орталық Азия аймағының телекоммуникациялық  
инфрақұрылымында Қазақстан Республикасының жетекші  
ұстанымдарын қамтамасыз ету. Оңтүстік Шығыс Азия  
- Еуропа және Орталық Азия - Ресей бағыттарында  
Қазақстанның маңызды ақпараттық ағындарды  
қамтамасыз ету жөнінде халықаралық транзиттік  
торап ретінде қалыптасуы.

Телекоммуникациялық қызметтер көрсетудің  
бәсекелестік рыногын қалыптастыру және дамыту.

Телекоммуникациялар саласындағы нормативтік  
құқықтық базаны жетілдіру.

**Ескерту. 1-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.04.15. N 417 қаулысымен .**

## **2. Кіріспе**

Қазақстан Республикасының телекоммуникациялар саласын дамытудың 2003-2005  
жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің 2002 жылғы 24 сәуірдегі N 470 қаулысымен бекітілген Қазақстан  
Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған Бағдарламасын іске асыру

жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 1564 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасының телекоммуникациялар саласын дамытудың 2001-2005 жылдар кезеңіне арналған тұжырымдамасының ережелерін ескере отырып әзірленді.

Бағдарламаның негізгі мақсатына қол жеткізуге бағытталған саланы дамыту стратегиясы мемлекеттік саясаттың мынадай қағидаттарына сүйенеді:

телекоммуникациялар саласын дамытудың тұтастай алғанда, ел экономикасының дамуымен өзара байланыстылығы;

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі, егемендігі және қорғаныс қабілеттілігі мүдделерін қамтамасыз ету;

телекоммуникациялар рыногын дамытуға ықпал ететін нормативтік база;

тиімді мемлекеттік саясат жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз ету мемлекеттің стратегиялық салалардағы рөлін күшейту;

телекоммуникациялардың жалпыға бірдей қол жеткізетін қызметтеріне республика азаматтарының әмбебап қол жеткізуін қамтамасыз ету;

телекоммуникациялар рыногының барлық қатысушылары үшін еркін және тең құқықты бәсекелестікті ынталандыру және қамтамасыз ету; инвестицияларды ынталандыру және көтермелеу;

жаңа жұмыс орындарын құруды ынталандыру және көтермелеу; желілерде бірыңғай техникалық стандарттар қолдану және саланың субъектілері үшін халықаралық сапа стандарттарын енгізу.

### **3. Қазақстан Республикасы саласының осы заманғы жай-күйін талдау, проблемалар**

Телекоммуникациялар, көрсетілетін қызмет көлемі тұрақты өсіп отыратын, экономиканың серпінді дамушы саласы болып табылады.

Қазақстан Республикасында телекоммуникациялар желілерінің ағымдағы жай-күйін мынадай негізгі цифрлармен сипаттауға болады:

2002 жылдың басында Қазақстанда орташа телефон тығыздығы елдің 100 тұрғынына шаққанда 14,4-ті, оның ішінде қалаларда - 21,7-ні, ауылдық жерлерде - 5,2 телефонды құрады. Негізгі телефон аппараттарының тығыздығы 100 отбасына шаққанда 50,9-ды құрады, оның ішінде қалаларда - 69,2-ні, ауылдық жерлерде - 21,8-ді құрады;

телекоммуникациялардың жергілікті желісі 3000-нан аса станциялардан тұрады, олардың тек алтыдан бір бөлігі ғана қалаларда орналасқан. Тек "Қазақтелеком" ААҚ-та станциялардың жалпы құрастырылған сыйымдылығы 2,4 млн. нөмірді құрайды, іске қосылғаны - 2 млн нөмір. Цифрландыру деңгейі 34 пайызды құрайды.

Қалааралық арналардың ұзақтығы 246 599 221 арн.км, олардың ішінде таратудың цифрлық жүйелерімен құрылған арналар ұзақтығы - 202 612 351 арн.км құрайды (



екінші ХКО салынды. Қалааралық цифрлық телекоммуникациялар желісін құру аяқталды. Бүгінгі күнге 100% АҚТС - цифрлық, желіде 2 ХКО жұмыс істейді.

## Р ы н о к                    қ ұ р ы л ы м ы

Республиканың телекоммуникациялық қызмет көрсетулер рыногы жыл сайын аса серпінді әрі бәсекелес болып келеді. Байланыс операторларының саны едәуір өсуде, жаңа технологиялар енгізілуде, ұсынылатын қызметтер спектрі ұлғаяуда.

Рынок сыйымдылығы 1998 жылғы 350 млн. АҚШ долларынан 2001 жылы 500 млн. долларға дейін өсті, бұл ретте ұлттық байланыс операторының үлесі негізінен ұтқыр байланыс операторларының қарқынды өсу есебінен 90%-дан 68%-ға дейін қысқарды. Соңғы 4 жылда олардың рыноктағы үлесі 2,8%-дан 26,1%-ға дейін артты.

2002 жылдың 1 мамырына Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі телекоммуникациялар қызмет көрсетулерін ұсыну жөніндегі кәсіпкерлік қызметпен - базалық қызмет көрсетулерден бастап ұялы байланыс пен зияткерлік желілер (аудиомәтін) қызмет көрсетулерімен айналысуға 770 лицензия берді. Олардың 237 лицензиясы телекоммуникациялардың жергілікті желілері және олармен байланысты қызмет көрсетулерге, 146 - жылжымалы радиобайланыс пен пейджинг қызмет көрсетулеріне, 125 - радиохабар мен теледидарға, 36 - бөлінген спутниктік байланыс желілерінің қызмет көрсетулеріне және арналарды жалға алуға берілді. Деректер беру рыногы мен Интернет аса шапшаң дамушы болып табылады, қазіргі уақытта операторларға бұл қызмет түрімен айналысуға 131 лицензия берілді.

Рыноктың жартысын қалааралық, халықаралық байланыс қызмет көрсетулері алады, және де рыноктың 25%-ын қалааралық байланыс қызмет көрсетулері қалыптастырады. ТМД елдеріне және алыс шет елдерге халықаралық телефондама қызмет көрсетулерін сату көлемінің үлес салмағы бірдей.

Ұялы байланыс телекоммуникациялық қызметтер көрсету рыногының төрттен бірінен астамын алады, мұның өзі тіпті қалааралық байланыс рыногы көлемінен артық. Соңғы жылдары әлемде жылжымалы байланыс қызметін көрсетулер рыногында байқалатын өткір бәсекелестіктің салдарынан, барлық негізгі үш технологиялар эволюциясы, атап айтқанда: GSM, D-AMPS, CDMA мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады: қосымша қызмет көрсетулер санын арттыру, желі сыйымдылығын және асып түсу алаңын ұлғайту, радиоинтерфейстің құнын кеміту және өткізу жолағын кеңейту. Қазақстанда GSM және AMPS - D-AMPS стандарттарының ұялы байланыс қызмет көрсетулерін 4 байланыс операторлары ұсынады, пайдаланушылар саны 800-мыңдық белгіге жақындап келеді.

Жергілікті телефон байланысы қызмет көрсетулері бүкіл рыноктың 14%-ын қалыптастырады. Деректер беру және Интернет қызмет көрсетулерінің көлемі екі есе

Қазір деректер беру қызмет көрсетулері, Интернет, ұтқыр радиобайланыс, корпоративті клиенттер үшін телекоммуникациялар қызмет көрсетулері рыногында жоғары дәрежелі бәсекелестік орын алып отыр.

Жалпы пайдаланыстағы телекоммуникациялар желісі (бұдан әрі - ЖПТЖ) үшін тек халықаралық және қалааралық байланыс рыногы ресми түрде "Қазақтелеком" ААҚ-ның монополиясы болып табылады, алайда онда іс жүзінде АР-телефондама операторлары ретінде халықаралық және қалааралық трафигін қолданыстағы нормативтік кесімдерде көзделгеннен басқа жолмен өткізетін операторлар жұмыс істейді.

Сонымен бір мезгілде, ресми түрде толығымен ашық сектор болып табылатын жергілікті байланыс рыногында бәсекелестіктің дамуы бір жағынан жергілікті байланысқа мемлекет реттейтін төмен тарифтердің болуымен, ал екінші жағынан ЖПТЖ-ға бірігуі және қалааралық әрі халықаралық трафик транзитіне "Қазақтелеком" ААҚ ұлттық операторының жоғары тарифтерімен шектеледі.

### **Қ а р ж ы л ы қ            ж а й - к ү й і .**

Байланыс операторларының 2000 жылғы жиынтық кірістері 45,1 млрд. теңгені, 2001 жылы - 63,44 млрд теңгені, оның ішінде ұлттық оператордікі - тиісінше 38,3 млрд. теңге мен 45,8 млрд. теңгені құрады.

Рыноктың орташа рентабельділігін 15%-ға бағалауға болады.

2001 жылы телекоммуникациялар саласын инвестициялау көлемі 15,06 млрд. теңгені құрады және де ұлттық оператор 11,03 млрд. теңге инвестициялады, 2002 жылы "Қазақтелеком" ААҚ 14,187 млрд. теңге сомасына жобаларды қаржыландыруды көздеп отыр.

### **П р о б л е м а л а р .**

Сонымен бірге сыртқы да (тұтастай алғанда ел экономикасының дамуы), ішкі салалық та көптеген проблемалар шешімін таппай отыр. Солардың негізгілері мыналар болып табылады:

*Телекоммуникациялар саласындағы қоғамдық қатынастарды және теңгерімді техникалық саясатты реттейтін нормативтік базаның саланың даму қарқынынан қалып қ о ю ы .*

Нашар ғылыми негізделген әдіснамалық негіз салдарынан жүйелі көзқарас жоқ. Байланыс саласындағы бүкіл арнайы ғылыми-техникалық және жобалық база іс жүзінде дәстүрлі түрде Ресейде орналасқан. Жобалауға, маркетингтік және ғылыми зерттеулерге, ғылыми-әдістемелік базаны әзірлеуге мамандандырылған отандық ұйымдарды құру және оларға мемлекеттік қолдау көрсетуді қамтамасыз ету проблемасы өткір тұр. Қолданылып жүрген заңнамада сала дамуының қазіргі кезеңіндегі қатынастарды реттеу үшін қажетті және перспективада оның дамуын қамтамасыз ететін көптеген нормалар жоқ. Байланыс операторларының, қызмет



көрсету провайдерлерінің, рынок реттеушісінің, тұтынушылардың арасындағы өзара қатынастарды реттейтін нормативтік кесімдерді әзірлеу және жетілдіру талап етіледі.

Проблеманы шешу үшін бірқатар нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу және көбейту жоспарланып отыр.

*Экономиканың дамуы мен телефон тығыздығының өсуі арасындағы алшақтық.* Елдегі байланыстың даму деңгейі тұтастай алғанда экономиканың даму деңгейінен біршама кейін қалып отыр. Сонымен бірге, Қазақстанның біртіндеп урбанизациялануы нәтижесінде аймақтардың арасындағы да сол сияқты қала мен ауыл арасындағы да халық тығыздығының қайта бөлінуі жүруде. Бір мезгілде байланыс қызмет көрсетулеріне төлемге қабілетті сұраныс көлемі артуда. Мұндай жағдайда саланың кірісін арттыру стратегиясы тек іске қосылған телефон желілері санының артуына ғана емес, сонымен бірге ең алдымен экономикалық тұрғыдан алғанда ең перспективалы аудандардағы жергілікті телекоммуникациялар желілерін жаңғыртуға, трафиктің табиғи өсуіне, қызмет көрсетудің жаңа түрлерін, оның ішінде қосылған құны бар қызмет көрсетулерді енгізуге сүйенуі тиіс. Осы факторды ескере отырып, бағдарламаны іске асыру процесінде қолда бар желі сыйымдылығын және телефон тығыздығы деңгейін кемітуді болдырмау және тұтынушылардың төлемге қабілетті сұранысын барынша қанағаттандыратын оның өсімін қамтамасыз ету мақсатына бағдарлану қажет.

*Жалпы пайдаланыстағы телекоммуникациялар желісіндегі монополия.* ЖПТЖ-дағы монополия тарихи себептерге қарай туындады, ал оның қазіргі кезде сақталуына әлеуметтік маңызды қызмет көрсетулерге арналған дәстүрлі қалыптасқан тарифтерді реттеу практикасы бүгінгі күнге дейін салада қызмет көрсетулер арасында

(шығынды қызмет көрсетулер жоғары кірістердің есебінен ұсталады), сол сияқты пайдаланушылар санаттары арасында да (бірдей қызмет көрсету түрлеріне пайдаланушының мәртебесіне байланысты бірнеше тарифтер белгіленген) тоғыспалы субсидиялау тетігін пайдалану да үлкен ықпал етеді. Реттелетін тарифтердің көпшілігінде аймақтарға (экономикасы дамыған, тоқыраған және т.с.с.) байланысты пайдалану шығындары деңгейінің айырмасы да көрсетілмейді. Мұндай тарифтер оларды өндіруге және ұсынуға жұмсаған байланыс операторларының негізделген шығындарының орнын толтыра алмайды. 2001 жылы "Қазақтелеком" ААҚ "Андерсен Менеджмент Интернэшнл" (Дания)" консалтингтік фирмасымен бірлесіп жергілікті телефон байланысы қызмет көрсетулерінің (жалпыға бірдей қол жеткізілімнің біреуіне) өзіндік құнына алдын ала талдау жүргізген болатын, оның нәтижелері шығындарды жабу үшін телекоммуникациялар саласына жыл сайын кем дегенде 2 млрд. теңге жұмсалуды қажет екендігін көрсетті. Алайда тарифтерді қажетті қайта теңгерімдеуді

монополист көптеген параметрлер бойынша шығындарды бөлек есепке алуды енгізгеннен кейін ғана байыпты жүзеге асыру мүмкін болады.

Телекоммуникациялық рыноктағы жағдайды өзгерту үшін тарифтік реттеуді жетілдіру жөніндегі іс-шараларды жүргізу, Телекоммуникациялардың реттелетін қызмет көрсетулеріне тарифтерді қайта теңгерімдеу жоспарын әзірлеу және іске асыру жоспарланады.

*Шығындарды бөлектеп есепке алу тетігінің болмауы.*

Телекоммуникациялар қызмет көрсетулерінің өзіндік құны тек жекелеген қызмет көрсетулер үшін ғана емес, сонымен бірге елдің түрлі аймақтары үшін де әртүрлі. Желі элементтері бойынша және жекелеген қызмет көрсетулер бойынша шығындарды бөлектеп есепке алу тетігінің болмауы экономикалық негізделген тарифтерді есептеуге ықпал етпейді, бұл өз кезегінде кірістерді толық алмауға және соның салдарынан негізгі қорлардың орны толмас тозуына әкеп соғады.

Проблеманы шешу үшін тиісті Ереже мен әдістеме әзірленеді.

*Ескірген техникалық база.* Телекоммуникациялардың ұлттық желісін жаңғырту және дамыту үшін негізгі қаржыландыру көзі ұсынылатын қызмет көрсетулерден алынатын кірістер болып табылады. Тарифтердің теңгерімсіздігін ескерсек, жаңғырту қарқыны жеткілікті жоғары емес. Бүгінгі уақытқа дейін жалпы пайдаланыстағы телекоммуникациялар желісінде табиғи және моральдық тозған жабдықтардың үлкен көлемі пайдаланылады. Әсіресе телекоммуникациялардың жергілікті желілерінің қол жеткізу желілерінде тозу пайызы жоғары. Жоғары пайдалану шығындары әрі тағы да телекоммуникациялардың жаңа қызмет көрсетулерін ұсынудан түсетін кірістерді толық алмау цифрландырудың жеткіліксіз жоғары деңгейінің салдары болып табылады.

2005 жылдың соңына дейін ЖПТЖ-ға арналған цифрлық жабдық деңгейін жалпы сыйымдылықтың 50-60%-на дейін жеткізу талшық-оптикалық кабельдерді пайдалана отырып байланыс желілерінің құрылысын жалғастыру жоспарланып отыр.

*Радиожилік спектрінің жеткіліксіздігі.* Қазақстанда жақын перспективада ІМТ-2000 (W-CDMA, CDMA-2000) жылжымалы байланыстың үшінші буыны стандарттарын таңдау және енгізу жөніндегі жұмыс басталады, олар 5 МГц бір арнада тарату жылдамдығы 8 кбит/с бастап 2 Мбит/с дейінгі шектерде жатқан бірнеше түрлі қызметтерді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, тек бір терминалға сөзді және деректерді беруді талап ететін нақты мультимедиялы ақпаратты беру қамтамасыз ете отырып, пакеттер коммутациясы қызметтерінен бір ғана арнада белгілер берілуі мүмкін. Қазіргі уақытта Халықаралық электр байланысы одағы (бұдан әрі - ХЭО) барлық елдер мүддесінде бұл байланыс жүйелеріне қажетті радиожилік ресурсын бекіту мәселелерін шешуде. Қазірдің өзінде Қазақстанда 3-буынға өтпелі

стандарттарды (2,5 стандарттар деп аталатындар) енгізу мүмкіндігі қарастырылып отырғанына қарамастан, жиіліктердің қажетті өрістерін бөлу проблемалары өте баяу ш е ш і л у д е .

Тіркелген байланыс желілерінде сымсыз жүйелерді пайдалану мәселесі бос радиожіліктердің болмауына байланысты өткір күйінде қалып отыр. Мұндай жағдай, әсіресе ЖПТЖ операторлары үшін тиімсіз, себебі ол ауылдық байланыстың дамуын және ауылдық елді мекендерде соңғы мильді (желі жабдығынан абоненттік құрылғыға дейінгі қол жеткізу желісі) ұйымдастыруға жұмсалатын шығындарды арзандату п р о ц е с і н т е ж е й д і .

Байланыс операторлары мен әлуеттік ведомстволар пайдаланатын радиожіліктерді келісу баяу және еңбекті көп жұмсау арқылы жүргізіледі. Радиожілік спектрін пайдалану жөніндегі өкілеттіктерді шектеулердің, келісу жүргізудің реттелген тәртібінің болмауы көп жағдайда негізсіз бас тартуларға әкеп соғады.

Бұдан басқа, радиожілік спектрін пайдаланғаны үшін өндіріп алынатын ақы мөлшерін белгілеудің экономикалық негізделген әдістемесі жоқ. Радиожілік спектрін негізгі пайдаланушылар көпшілік бөлігінде әлуеттік ведомстволары болып т а б ы л а т ы н д ы қ т а н , а л спектрді ауыстыру бағдарламасының болмауына байланысты жаңа технологияларды е н г і з у т е ж е л і п о т ы р .

Бағдарламада көтеріліп отырған проблемаларды шешуге бағытталған бірқатар іс-шараларды орындау көзделіп отыр.

*Бірқатар бағыттар бойынша жоғары білікті мамандардың болмауы.* Телекоммуникациялар саласы кадрларын оқыту процесі желілерді жаңғырту және дамыту жоспарларымен келісусіз жүргізіледі, мамандарды қайта даярлау өз уақытында жүргізілмейді, мұның өзі кадрлар даярлаудың саланың даму қарқынынан едәуір артта қалуымен түсіндіріледі. Өндірістің радиоэлектроника және телекоммуникациялар бағыты бойынша жоғары білікті инженерлер мен мамандар даярлауды жүргізетін жоғары оқу орындарымен (магистратура және аспирантура) байланысы нашар е к е н д і г і н а й т а к е т у к е р е к .

Сала мамандарын даярлау және қайта даярлау проблемасы Қазақстанның жоғары оқу орындарымен өзара іс-қимыл, сондай-ақ ХЭО-мен ынтымақтастық арқылы ш е ш і л е д і .

*Стандарттау мен сертификаттаудың салалық жүйелерінің болмауы.* Ағымдағы сәтте салада стандарттау және сертификаттау саласындағы жұмыс іс жүзінде жүргізілмейді. Салада техникалық сәйкестікке сертификаттаудан өтпеген жабдықты пайдалануға тыйым салу нормативтік бекітілмеген. Осындай техникалық құралдарды немесе тек қауіпсіздік параметрлері бойынша сертификатталған құралдарды пайдалану, салада сапасы төмен жабдықтарды пайдалануға әкеп соғады.

Проблемаларды шешу үшін телекоммуникациялар саласындағы стандарттау және сертификаттау жөніндегі жұмыстар жандандырылатын болады.

#### **4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері**

**Ескерту. 4-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.04.15. N 417 қаулысымен .**

**Телекоммуникациялар саласын дамыту бағдарламасының негізгі мақсаты Қазақстан экономикасының ғаламдық ақпараттық инфрақұрылымға бәсекелі біріктірілген телекоммуникациялық секторын әрі қарай дамытуға бағытталған тетіктерді қалыптастыру мен жағдайлар жасау болып табылады.** Ақпараттық қоғамға өтуді қамтамасыз ету үшін мемлекеттік саясаттың мынадай үш негізгі бағыты атап көрсетіледі: әлеуметтік-саяси, техникалық-технологиялық және экономикалық. Бағыттардың әрқайсысы бойынша бірқатар бірінші кезектегі міндеттерді шешу қажет.

#### **Әлеуметтік-саяси міндеттер:**

жеке және заңды тұлғалардың жер-жерде жұрттың қолы жетер телекоммуникациялар қызмет көрсетулеріне әмбебап қол жеткізулерін қамтамасыз ету;

халықтың және дамып отырған экономиканың, сондай-ақ мемлекеттік органдардың, оның ішінде, қауіпсіздікті, қорғанысты және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ететін органдардың телекоммуникациялардың түрлі қызмет көрсетулеріне өсіп отырған қажеттілігін қанағаттандыру;

тұтынушылардың ақпараттық технологиялардың соңғы жетістіктеріне және ғаламдық ақпараттық ресурстарға қол жеткізуіне жағдайлар жасау; ұлттық ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

#### **Техника-технологиялық міндеттер:**

бірыңғай ұйымдастырушылық және техникалық идеология негізінде жұмыс істейтін, жоғары сапалы ішкі және халықаралық ақпараттық алмасуды, телекоммуникациялар қызмет көрсетулерінің барлық түрлерін дамыту үшін қуатты базаны қамтамасыз ететін осы заманғы ұлттық телекоммуникациялық инфрақұрылымды жедел дамыту;

стандарттаудың және сертификаттаудың әлемдік деңгейге сәйкес келетін салалық жүйесін дамыту;

мынадай ұлттық ресурстарды: радиожилік ресурсын және нөмірлеу ресурсын орталықтандырылған басқаруды қамтамасыз ету.

#### **Экономикалық міндеттер:**

телекоммуникациялық инфрақұрылымды пайдалану тиімділігін және саланың инвестициялық тартымдылығын арттыру;

Қазақстанның транзиттік әлеуетінің мүмкіндіктерін барынша іске асыру; телекоммуникациялық қызмет көрсетулер рыногын дамытуға және байланыс операторларының тиімді жұмысы үшін жағдайлар жасауға, телекоммуникациялар

рыногының барлық субъектілерінің тұрақты және серпінді дамуына бағытталған мемлекеттік реттеу тетігін жетілдіру;

байланыс қызметтері рыногында адал бәсекелестік ортаны дамыту және барлық байланыс операторлары үшін тең құқықты қамтамасыз ету.

телекоммуникациялардың реттелетін қызмет көрсету тарифтерін қайта теңдестіру кезінде әлеуметтік қорғалатын азаматтарға қолдау көрсету. <\*>

## **5. Бағдарламаның негізгі бағыттары және іске асыру тетіктері**

**Ескерту. 5-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.04.15. N 417 қаулысымен .**

Телекоммуникациялық саланы дамыту, саланың техникалық және технологиялық жақтарын үнемі жетілдіру реттеу тетіктерін үнемі түзетіп отыруға әкеп соғады.

Телекоммуникациялық ортаның халықаралық экономикалық бірігуіне қарай, байланыс рыноктарындағы қатынастарды реттеудің жалпы үлгілері әзірленуде және белгіленуде. Халықаралық ақпараттық-телекоммуникациялық орта тек халықаралық экономикалық бірігудің салдары ғана емес, бірақ едәуір дәрежеде оның себептері де бола отырып, байланыс саласын экономиканың басқа да секторларынан бұрын байланыс ұйымдары қызметінің экономикалық тиімділігін арттыруға бағытталған және жалпы реттейтін тілді

іздестіруде білдірілетін қатынастарды реттеудің жалпы әлемдік, ұлттан тыс (шет елдік) үрдістерге көңіл бөлуге мәжбүр етеді.

Телекоммуникацияларды мемлекеттік реттеудің аса тиімді тетіктерін қолдану телекоммуникацияларды реттеудің шетелдік тәжірибесінде туындайтын проблемалар мен коллизиялар туралы, сондай-ақ Қазақстанда қолданыстағы құқықтық нормаларды іске асырудың осы заманғы проблемалары туралы түсініктердің болмауы жағдайында мүмкін емес. Осыған байланысты, тек мәселелердің барлық спектрін жан-жақты есепке алу телекоммуникациялық саладағы қатынастарды реттеудің оңтайлы әдісін жасауға мүмкіндік береді.

Осы Бағдарлама шеңберінде мынадай негізгі бағыттар бойынша тұтас бірқатар іс-шараларды іске асыру қажет:

*1. Телекоммуникациялар саласындағы уәкілетті органның, байланыс операторларының және тұтынушылардың өзара іс-қимылын жаңа деңгейде реттейтін заңнамалық және нормативтік құқықтық базаны құру және жетілдіру.*

Телекоммуникациялар саласында құқықтық қатынастардың болуы мүмкін өзгерісін уақтылы есепке алуды көзделген құқықтық реттеудің аса икемді жүйесін белгілеу үшін оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының Заңы негіз қалаушы нормативтік құқықтық кесім болып табылады.

Телекоммуникациялық қызмет көрсетулер рыногын құқықтық реттеудің

қолданыстағы жүйесіне нормативтік құқықтық кесімдер мен техникалық және технологиялық нормаларды, ережелер мен стандарттарды (нормативтік-техникалық кесімдер) қамтитын нормативтік кесімдер кіреді. Бұл кесімдердің жиынтығы телекоммуникациялық қызмет көрсетулер рыногын қалыптастыру және дамыту процесстерін, рынокқа қатысушылардың қызметін реттейді, сондай-ақ мемлекеттік реттеудің тиісті нысандарын белгілейді.

Заңға енгізетін өзгерістер мен толықтырулар телекоммуникациялық саланы құқықтық реттеудің теориясы мен практикасын, сондай-ақ әлемдік тәжірибенің оң нәтижелерін ескеретін болады.

Бұдан басқа, байланыстың өзара байланысты желісінің толық және сенімді жұмыс істеуін, көрсетілетін қызметтің сапасын, олардың қол жеткізімділігін, мемлекеттік мүдделер мен тұтынушыларды қорғауды, рынокқа қатысушылардың теңдігін қамтамасыз ететін нормалар, талаптар мен ережелер әзірленетін және қабылданатын болады.

Мынадай негізгі нормативтік-құқықтық және нормативтік-техникалық кесімдер: өзара байланысты желінің технологиялық тұтастығын, телекоммуникациялар желілерінің сыйымдылығы мен біріктірілу тәртібін реттейтін;

телекоммуникациялар рыногында өз қызметін жүзеге асыратын байланыс операторларының өзара іс-қимылын, олардың арасында желілік ресурстарды өзара пайдаланғаны және трафик өткізгені үшін өзара есеп айырысулар тәртібін реттейтін;

байланыс саласындағы лицензиялау мәселелерінде қазіргі заманды үрдістерді ескеретін;

әмбебап қол жеткізуді ұйымдастыруды және ұсынуды, әмбебап қол жеткізу операторы түсінігін реттейтін;

байланыс операторлары мен пайдаланушылардың өзара қарым-қатынасын реттейтін;

мемлекетке тиесілі шектелген ресурстарды (радиожиілік спектрін, нөмірлеуді және басқа) пайдалану тәртібін реттейтін;

байланыстың желілері мен жүйелерін техникалық пайдалану тәртібін белгілейтін; телекоммуникациялар құралдарын, қызмет көрсетулері мен жүйелерін стандарттау және сертификаттаудың салалық жүйелерін құру және қолдау тетігін реттейтін құжаттарды қамтиды.

Тұтастай алғанда, телекоммуникациялар рыногы субъектілерінің қызметін және желілер мен жүйелерді техникалық пайдалануды реттеуге қатысты жиырма шақты нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық кесімдерді әзірлеу және бекіту жоспарланып отыр.

## 2. Саланы мемлекеттік реттеуді жетілдіру.

Телекоммуникациялар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру үшін олардың

реттеу функцияларының бір бөлігін жаңа мемлекеттік органға (Реттеуші) бере отырып, байланыс саласын реттейтін қазірде бар мемлекеттік органдарды өзгерту көзделіп отыр.

Әлемдік практика көрсеткеніндей, дәл осындай Реттеушілер неғұрлым жоғары дәрежеде пәрменді реттеуші тетіктерді әзірлеуді қамтамасыз етеді және барлық байланыс операторларының мүдделеріне оларды әділ, тең құқықты және ашық пайдалануына кепіл бола алады.

Реттеуші тәуелсіздігінің кепілі үшін оның барлық байланыс операторларынан функционалды тәуелсіз болуы қажет. Мемлекет жұмыс істеп тұрған байланыс операторларына ("Қазақтелеком" ААҚ, "Қазпочта" ААҚ және басқа) қатысты иелігін немесе едәуір бақылау дәрежесін сақтаған жерде, мемлекеттік реттеу функциясын иеленумен немесе жұмыс істеп тұрған операторларды бақылаумен байланысты қызметтен тиімді құрылымдық бөлінуі орын алуы тиіс.

Реттеуші сондай-ақ, оның функцияларын орындау үшін қажетті ақпаратты алуға мүмкіндік беретін өкілеттік береді.

Тиісті жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде қаржыландыруды ескере отырып, толық ырықтандыру басталғанға дейін 2004 жылы осындай Реттеушіні құру мүмкіндігі қарастырылады.

### *3. Қосып алу қызмет көрсетулерінің қағидаттарын жетілдіру.*

Халықаралық тәжірибені, сондай-ақ ХЭО ұсынымдарын ескере отырып, байланыс операторларының қосып алу қызметін көрсетулері жөніндегі қызметін мемлекеттік реттеу тетігінің негізіне мынадай базалық қағидаттарды кепілдікке алу жоспарлануда:

желілерге қосылу міндеттілігі;

кемсітушіліктің болмауы;

қосып алу қызметінің бағаларына есеп айырысудың ашықтығы, өзіндік құнға және рентабельділіктің нормативтік деңгейіне бағдарлау.

### *4. Телекоммуникациялардың қызмет көрсетулеріне әмбебап қол жеткізуді қамтамасыз ету.*

Халықтың телекоммуникациялық қызмет көрсетулерге әмбебап қол жеткізуін жер-жерде қамтамасыз ету мақсатында әмбебап қол жеткізудің өлшемдері мен көлемін анықтау, әмбебап қол жеткізумен қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және іске асыру әмбебап қол жеткізуді қаржыландыру тетіктерін әзірлеу қажет.

Әмбебап қол жеткізу - бұл Қазақстанның телекоммуникациялық желілерінің әлеуметтік қажетті (жалпыға бірдей) қызмет көрсетулеріне кез келген пайдаланушының құқығын іске асыруда кез келген сәтте өтініш жасауының техникалық және бағалық мүмкіндігі.

Халықты әмбебап қол жеткізумен қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар мынадай қағидаттарға негізделетін болады:

әмбебап қол жеткізуді қамтамасыз етудің тиісті кепілдігін беретін операторлардың

рынокқа кіруі үшін кедергілерді барынша азайту;  
кез келген әкімшілік жүктемелер мен шығындарды барынша азайту;  
әмбебап қол жеткізуді беру шеңберінен тыс шаруашылық жүргізуші субъектілердің ішкі ісіне қол сұқпау;  
объективті, ашық, үйлесімді және кемсітпеушіліксіз рәсімге негіздеу;  
уақыт өте келе әмбебап қол жеткізуге жұмсалатын шығынды азайтуды қамтамасыз ету үшін тиімділік пен технологиялылықты арттыруды ынталандыратын орта құру;  
әмбебап қол жеткізуге қауіпсіздікті, қорғанысты және құқық тәртібін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдарға және құрылымдарға б а с ы м д ы қ б е р у .

Әмбебап қол жеткізуді қаржыландыру тетігі рынокты ішкі тоғыспалы субсидиялаудан барлық операторлардың және мемлекеттің қаржылық ынтымақтаса қатысуының жалпы ұлттық тетігін құрғанға дейінгі ырықтандыру барысында өзгертін б о л а д ы .

Халықты жалпыға бірдей қол жетімді қызмет көрсетулерімен қамтамасыз етудің соңғы нысаны мемлекеттік реттеудің мынадай тетіктеріне негізделетін болады:

халықтың барлық топтары үшін қол жетімді қызмет көрсетулердің ең аз базалық пакетін техникалық және құн көрсеткіштерінде нормативтік айқындау;  
әмбебап қол жеткізуі ұйымдастыру және қаржыландыру мәселелері құзыретіне кіретін уәкілетті органды айқындау;  
мемлекет реттейтін қол жеткізімді тарифтерге қолдау көрсету;  
рентабельділіксіз қызмет көрсетулерді беретін операторлардың шығындарына ө т е м а қ ы т ө л е у ;

жалпы пайдаланудағы телекоммуникациялар желісі байланыс операторларының қызмет түрлері мен аймақтар бойынша шығындарды бөлек есепке алуы;  
әмбебап қол жеткізу операторларын таңдауға бәсекелестік көзқарас;  
телекоммуникациялар рыногының барлық қатысушылары арасында не мемлекеттік бюджет есебінен қаржылық жүктемені бөлу.

Әмбебап қол жеткізуді іске асыру үшін Қазақстан Республикасының әрбір аймағында жалпыға қол жеткізімді қызметтер көрсететін байланыс операторы (операторлары) айқындалуы тиіс. Жалпыға қол жеткізімді қызметтер көрсетуге уәкілетті жалпы пайдаланыстағы байланыс желісінің операторы барлық тілек білдіруші тұлғаларға байланыстың тиісті желісі арқылы белгіленген аумақта бұл қызмет көрсетулерді ұсынуды қамтамасыз етуге міндетті.

Әмбебап қол жеткізуді жүзеге асыру құқығы жалпы пайдаланымдағы телекоммуникациялар желілерінің операторлары арасындағы конкурс нәтижелері бойынша берілетін болады. Белгілі бір аумақтағы байланыс саласындағы жалпыға бірдей қол жетімді қызметтерді көрсетуге өтінімдер болмаған, не өтінімдер беретін байланыс операторларының ресурстары мен



қ а р а ж а т ы

ж е т к і л і к с і з

б о л ғ а н

жағдайда мемлекет осындай операторды дербес тағайындауға өзіне міндеттеме алады.

Әмбебап қол жеткізуді жүзеге асыратын операторды анықтау кезінде негізі өлшемдер мыналар болып табылады: қызмет ауқымы, берілген сипаттамалары бар жалпыға қол жетімді қызмет көрсетулерді ұсынуға қабілеттілігі (көлемдері, түрлері, сапасы, қызмет көрсетілетін аумақты қамтуы), халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарына қолдау көрсету бағдарламаларын, сондай-ақ оператор қызмет көрсететін аумақта орналасқан денсаулық сақтау және білім беру мекемелеріне қолдау көрсету бағдарламаларын орындауды қамтамасыз етуге қабілеттілігі.

Әмбебап қол жеткізуді қаржыландыру тетігін енгізу халықтың тығыздығы төмен аудандар мен тоқырауға ұшыраған аумақтарды қоса алғанда, елдің барлық аймақтарында жергілікті телекоммуникациялар желілерін құруға инвестициялық тартымдылықты қамтамасыз ететін жағдайлар туғызады. Қазақстанда тұрғындарының саны 200 адамнан кем емес 2790 телефондандырылмаған елді мекен бар, бұларды, телефон байланысымен қамтамасыз ету үшін шамамен 4 684,38 млн. теңге талап етіледі .

Демографиялық, географиялық және өзге де жағдайларға байланысты осы проблеманы шешуге техникалық көзқарас түрліше - байланыстың дәстүрлі кабельдік желілерін салу, радио ұзартқыштар мен сымсыз радиоға қол жеткізудің жүйелерін пайдалану, ауылдық байланыстың спутниктік желісіне қосылған ДАМА спутниктік станцияларын орнату, басқа жүйелер мен жаңа технологияларды пайдалану.

Телефондандыру бағдарламасын орындауға үлкен көлемді қаржыландыру талап етілетініне байланысты, тұрғындар саны 200 және одан артық барлық елді мекендерді телефондандыру проблемасы 2006 жылға қарай жартылай шешілетін болады.

*5. Телекоммуникациялар саласындағы тарифтік реттеу тетіктерін ж е т і л д і р у .*

Тарифтік реттеу телекоммуникацияда жалпыға бірдей қол жеткізілімді қызмет көрсетулері бойынша, ал бәсекелестік рыногында байланыс қызметін көрсету басым операторлардың қызметтерін заңнамада белгіленген тәртіппен реттеу жолымен жүзеге а с ы р ы л а т ы н б о л а д ы .

Әділ тарифтік реттеуді қамтамасыз ететін негізгі құрал жалпы пайдаланыстағы телекоммуникациялар желісінің байланысы барлық операторларының қызмет көрсету түрлері бойынша шығындарды бөлек есепке алуды, сондай-ақ уақыттық есепке алуды е н г і з у б о л ы п т а б ы л а д ы .

Б ұ л б а ғ ы т т а :

қызмет көрсетудің өзіндік құнын анықтай отырып, телекоммуникациялар саласына экономикалық талдау жүргізілетін;

қызмет көрсетулер түрлері және аймақтар бойынша шығындарды бөлек есепке алу ережесі әзірленетін және бекітілетін;

жалпы пайдаланыстағы телекоммуникациялар желісі байланысының операторлары шығындарды қызмет көрсетулер түрлері және аймақтар бойынша бөлек есепке алуы е н г і з і л е т і н ;

телекоммуникациялардың реттелетін қызмет көрсетулеріне тарифтердің қайта теңгерімінің жоспары әзірленетін және іске асырылатын болады.

*б. Бәсекелестікті дамытудың қажетті шарты ретінде телекоммуникациялар рыногын кезең-кезеңімен ырықтандыру.*

Байланыс рыногын ырықтандырудың мақсаты Қазақстан Республикасының экономикасын қайта құрудың жалпы векторының бөлінбес элементі болып табылатын, рынокты сапалы және қол жетімді қызмет көрсетулермен тез толықтыруға, жиынтық ұлттық бәсекелестігі қабілетінің өсуіне әкелетін бәсекелестік орта құру болып т а б ы л а д ы .

Телекоммуникациялар рыногын ырықтандыру кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын б о л а д ы .

1 - к е з е ң . Д а я р л ы қ .

Телекоммуникациялар рыногын ырықтандыру басталғанға дейін 2003-2004 жылдар ішінде ырықтандыру процесінде жалғасуы мүмкін бірқатар жүйелік даярлық і с - ш а р а л а р ы н жү р г і з у қ а ж е т .

Ең алдымен, тұтастай алғанда республика бойынша және оның аймақтары бойынша телекоммуникациялардың негізгі қызмет түрлерінің нақты өзіндік құнын бағалауды жүргізу қажет. Экономикалық талдауды жүргізгеннен кейін байланыс және табиғи монополияларды реттеу саласындағы уәкілетті органдардың Түрлеріне қарай телекоммуникациялар қызмет көрсетулері бойынша шығындарды бөлек есепке алу ережесін бекіту туралы бірлескен бұйрығымен оның нәтижелеріне сертификаттау жүргізілетін болады. Бұл Ереже тиімді тарифтік реттеу мақсатында рыноктың барлық субъектілері мен мемлекеттік органдардың пайдалануына арналған. Талдау нәтижесінде рынок бәсекелестік және дотациялық сегменттерге бөлінетін болады.

Бұл кезеңде мынадай қағидаттарға негізделетін Телекоммуникациялардың реттелетін қызмет көрсетулеріне тарифтерді қайта теңгерімдеу жоспары әзірленетін б о л а д ы :

1) қалыпты өмір сүру жағдайын қамтамасыз ететін жалпыға қол жеткізімді қызмет көрсетулерге төлем қабілеттілігіне қарамастан, барлық пайдаланушылар үшін қол жеткізімдігі ( а н ы қ т а м а л ы қ - а қ п а р а т т ы қ қызметтерде белгіленген құқық тәртібін қорғау органдарына, жедел дәрігерлік көмек, құ т қ а р у қ ы з м е т і ж ә н е т . б . ) ;

2) пайдалану шығындарын өтейтін және қажетті кірісті қамтамасыз ететін тарифтерді белгілеу жолымен қызмет көрсету процесінде байланыс операторлары қызметінің т и і м д і л і г і н қ а м т а м а с ы з е т у ;

3) түрлі санаттағы абоненттер үшін тарифтерді қалыптастыру қағидаттарындағы

а й ы р м а ш ы л ы қ т а р д ы

ж о ю ;

